



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №31 (1897) 21 ТАМЫЗ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Шинхан университеті ҚазҰУ бастамаларын қолдады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Шинхан университетінің президенті Кан Сун Чон бастаған делегациямен кездесу өткізді.



Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті меймандарға университет қызметі, оқу және ғылыми-зерттеу



жұмыстарының негізгі бағыттары, шетелдік серіктестермен ынтымақтастық туралы айтып берді.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Оңтүстік Кореяның жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынаста. Бұл жұмыстарды әлі де жалғастыра береміз. ҚазҰУ-да 100-ден астам инновациялық жоба бар. Қазіргі таңда аталған ғылыми жобаларды коммерцияландыру

жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта Шинхан университеті мен ҚазҰУ ғылыми бағытта жұмыс жасап, серіктестікті одан әрі арттыру қажет», – деді ректор.

Өз кезегінде Кан Сун Чон кездесу барысында айтылған барлық бастамаларды қолдайтынын және ынтымақтастық арттыруға ниетті екенін жеткізді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Кемел Тоқаев
шығармаларындағы
шындық пен шеберлік

3-бет



Альмира ҚҰСТЫБАЕВА:
Арманым -
ми институтын ашу

5-бет



«Qazaq universiteti» –
ҚазҰУ шежіресі

6-бет

Студенттер мүмкіндігінше жатақханамен қамтылады



ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырмасымен Алматы қаласында құрылған студенттерді жатақханаларға орналастыру мәселелерін шешумен айналысатын жедел штаб мүшелері мен министрлік өкілдері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жатақханаларын аралап, тексеру жұмыстарын жүргізді.

Жедел штаб пен Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері ҚазҰУ-да студенттерді жатақханаға орналастыру үшін арнайы құрылған штабта болып, оның қызметімен танысты. Онда жеті қызметкер жұмыс істеуде. Бүгінде 2856 1-курс студенті түрлі сауалдар бойынша штабқа хабарласқан. Сондай-ақ 985 студентке WhatsApp желісі арқылы жауап

берілген. Университетте құрылған штаб (24/7) білім алушы жастар үшін жұмыс істейді.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін таңдаушы талапкерлер өте көп. Алматы қаласына келуші 1-курс студенттерінің көбі осы білім ордасын таңдайды.

Жалғасы 4-бетте

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры



Түйгені мен тәжірибесі мол тұлға

Еліміздің білім, ғылым саласында, саяси өмірінде мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қайраткер тұлға Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың алатын орны ерекше.

Өмірден түйген тәжірибесі мен білімін, іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетін тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына, отандық ғылымның дамуына арнаған зиялы азаматтың қоғам игілігі жолында атқарған жұмыстары ұшан-теңіз.

Қапалдағы қарапайым ауыл мектебін бітірген Бақытжан Тұрсынұлы табанды ізденіс пен еңбекқорлығының арқасында уақыт өткен сайын шыңдалып, ғылым жолында межелі белестерді бағындырды.

Хакім Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген өсиет сөзін өзінің өмірлік ұстанымы ретінде қабылдады. Осылайша қатардағы мұғалімнен университет студенті, жастар лидері, көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері атанды. Ұлт қайраткері Дінмұха-

мед Ахметұлы Қонаевтың ой-толғамымен айтқанда, «жаман жерді баспай», ірі мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді.

Бақытжан Жұмағұлов – ҚР Ұлттық ғылым академиясы, Халықаралық инженерлік академия және ҚР Ұлттық инженерлік академияның академигі. Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Бақытжан Тұрсынұлы өзінің табысты жетістіктеріне бойындағы ізгі қасиеттері мен

білім және еңбекке деген ұмтылысы арқылы, ұстаздарының өнегесі арқылы жеткені сөзсіз.

Мектеп бітірген соң, әскери борышын өтеп келіп, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық бөлімінде бір жыл оқып, жаңадан ашылған қолданбалы математика факультетіне оқуға түсті. Университетте үлкен мектептен өтіп, жаңадан құрылған студенттік құрылыс отрядтарының жұмысына белсене араласып, жетекшілік жасады.

Жалғасы 2-бетте

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Түйгені мен тәжірибесі мол тұлға

Соңы. Басы 1-бетте

Сөзі ісіне сай жас студент қазақтың бағына біткен мемлекеттік университеттің ректоры, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің назарына ілікті. Осылайша ұстаз бен шәкірт арасындағы ұзақ жылға жалғасқан достық орнықты.

Университетте комсомол комитетінің жетекшісі болып, ұйымда белсенді жұмыс атқарды. Өкінішке қарай, 1986 жылдағы жаралы Желтоқсан оқиғасы сол кездегі қоғамды дүр сілкіндіріп, әсіресе жастардың үмітіне көлеңке түсірді. Коммунистік жүйе жастардың демократиялық жолға бағытталған қарсылығын жаншып, таптап, тас-талқан етті. Оларға «нашақорлар», «басбұзарлар» деген жала жабылды. Жаппай студенттерді оқудан шығарып, қылмысқа тарту жолы басталды. Бұл кезде Бақытжан Тұрсынұлы университет партия комитетінің хатшысы болатын.

Желтоқсан оқиғасы кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып, сырттан келген Колбин студенттерді жаппай қудалау саясатын ұстанды. Әр жоғары оқу орнынан кем дегенде 100 студентті оқудан шығару міндеті қойылды. Қазақ мемлекеттік университетінен де 100 студентті оқудан шығару талап етілді. Осы сәтте Бақытжан Жұмағұловтың ұлтжандылық қасиеті анық көрінді. Ол кезде партия комитетінің шешімінсіз ректор студентті оқудан шығара алмайтын.

Осы кезеңде Бақытжан Жұмағұлов замандастарын қорғап, өзінің кесімді сөзін айтты. Мәселенің мәнін білмей, ешкімді оқудан шығаруға болмайтынын алға тартып, үлкен саяси күшпен бетпе-бет келді. Ол ұлттық ұстанымы мен азаматтық көзқарасынан айнымады. Бірақ коммунистік жүйе шындық үшін күрескен жас Бақытжан Жұмағұловты ақыры жұмыстан шығарып, ешқандай қызметке алмау туралы нұсқау бергенін кейін білді.

Жақсылық ешқашан ұмытылмайды. Осындай сын сағаты кезінде Бақытжан Тұрсынұлының курстас досы, бүгінде ірі мемлекет және қоғам қайраткеріне айналған Жақыпбек Құлекеев өз кафедрасына – Алматы халық шаруашылығы институтына қызметке шақырады. Алайда партиялық аппарат жас қайраткерді қудалауын қойған жоқ. Бұл жерден де кетуге мәжбүр болып, біраз уақыт жұмыссыз жүрді. Кейін қазақтың атақты математигі, Новосібір ғылыми мектебінің ірі өкілі Шалтай Смағұлов өз кафедрасына қатардағы инженер қызметіне қарабайдайды. Оған да қысым көрсетіледі. Бірақ Шалтай Смағұлов бұл қысымға бой бермей, жас ғалымның тағдырына араша түсті.

Осы жылдарда Бақытжан Тұрсынұлы тұтастай ғылымға бет бұрды. Уақытының барлығын ғылыми тақырыбын жетілдіруге арнады. Он жыл ішінде ғылым кандидаты, ғылым докторы, про-

фессор, ғылым саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды.

Академик Бақытжан Жұмағұлов – сұйықтар мен газдар есептеу механикасының математикалық әдістері ғылыми мектебінің жетекшісі, мұнай өндіру және тасымалдау процестерін талдау, болжау және оңтайландырудың автоматтандырылған жүйелерінің негізін қалаушылардың бірі ретінде ғылыми ортада мойындалды.

Іргелі зерттеулерінің нәтижесінде академик Б.Жұмағұлов математикалық және компьютерлік модельдеу бойынша ғылыми мектеп қалыптастырды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да арнайы кафедра ашты. Бақытжан Тұрсынұлының мұнай-газ саласына арнап жасаған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі өлемге әйгілі Tigriss, Schlumberger компанияларының ақпараттық жүйелерінен тиімділігі мен қолжетімділігі жағынан кем түспейді.

Қазақстанда және шетелдерде жарияланған 430-дан астам ғылыми жұмыстың және 15 іргелі монографияның авторы атанған ғалым мұнай-газ өнеркәсібіндегі математикалық модельдеу мәселелерін зерттеп, осы саладағы технологиялық процестерді басқарудың ақпараттық жүйелерін құрды. Осы ғылыми нәтижелердің барлығы Бақытжан Жұмағұловтың 2001 жылы жарық көрген «Мұнай өндірудің гидродинамикасы» атты монографиясында жинақталған. Әлемнің мұнай компаниялары ғылыми нәтижелерге және ISCAR ақпараттық жүйесіне қызығушылық танытып, AgipKCO компаниясының қаражаты есебінен «The Fluid dynamics of oil production» Elsevier (Нидерланды) баспасында 2013 жылы ағылшын тілінде қайта басылып шықты.

Ол қолданбалы математиканың ірі өкілі, Ұлттық ғылым академиясының академигі, ұлы ұстазы Өмірбек Жолдасбековпен бірігіп инженерлік академияны құрды. Бүгінде академия ірі ғылыми орталыққа айналды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін жаңа бетбұрыс, жаңа заман, жаңа өркениет жолы басталды. Бақытжан Тұрсынұлымен қоғамдық-саяси өмірде көп жылдар Президент әкімшілігінде қатарласа қызмет атқарды. Өзіне жүктелген міндетті мінсіз орындайтын іскер ұйымдастырушы болды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры қызметін атқарған жылдары білім ордасын жаңа белеске көтерді. Ол кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі ретінде Бақытжан Тұрсынұлымен өте тығыз байланыста болып, нәтижелі жұмыстарына куә болдым.

Жаңашыл ректор ретінде ҚазҰУ қалашығын көркейтуге ерекше еңбек сіңірді. Кезінде академик Өмірбек Жолдасбековпен бірге проректор қызметінде құрылыс саласын басқарған тәжірибесі арқылы өзі ректор бо-



лып келген кезеңде университет дамуына жаңа леп әкелді.

Жаһандық үрдіс, еуропалық білім жүйесі орныға бастаған сәтте ректор Б.Жұмағұлов Болон талаптарына сай білім берудің заманауи кезеңдеріне сәйкес, оқу мен білім үдерісін жаңғыртуға басымдық берді.

Алғаш рет Қазақстанда әлемдік стандарттарға сәйкес, білім менеджменті мен сапасының ортақ жүйесі қалыптасты. Кредиттік оқыту технологиясы жаңа талаптарға сай қолданысқа енгізілді.

Болон жүйесіне сәйкес, тұңғыш рет университетте үш деңгейлі оқу эксперименті жүзеге асырылды. «Бакалавриат – магистратура – PhD докторантура» ойдағыдай сынақтан өтті. Бұл жаңашылдық кейін Қазақстанның бүкіл жоғары оқу орындарына енгізіліп, күні бүгінге дейін жүйелі жүргізіліп келеді.

Оқыту бағдарламаларының академиялық ұтқырлығы мен халықаралық деңгейдегі үйлесімділігіне жол ашылды. Университетті жоғары зерттеу оқу орнына айналдыру үрдісі басталды. Осылайша ғылыми-инновациялық қызмет орнықты.

Әлемде қалыптасқан үрдіске орай, университет терең білімі бар талантты, қабілетті студенттерді оқуға шақыру әлеуетін қалыптастырды. Білім мен ғылым талабы жаңа арнаға ұласты. Ол Қазақстанда тұңғыш рет мектеп оқушылары үшін «Әл-Фараби» кең ауқымды университеттік олимпиадасын өткізді. Осылайша талантты жеңімпаздарға университетте оқуға гранттар бөлінді. Бұл студенттердің сапалық деңгейін өсірді.

Қолданбалы математика және математикалық модельдеудің жоғары деңгейлі маманы ретінде профессор Б.Жұмағұлов университетте «Univer» атты электрондық университет жүйесін іске қосты. Ол оқытудың жаңа технологияларын қалыптастыруға және жаңа

ағымдағы қызметін қамтамасыз етуге бағытталған, гранттық қаржыландыру – заңды және жеке тұлғалардың конкурстық негізде ұсынған ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға жіберіледі. Бағдарламалық мақсатты-стратегиялық маңызды мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру мәселесі оңтайлы шешілді.

Ғылыми дәрежелер мен атақтардың әлемде қабылданған жаңа жүйесі Қазақстанда толықтай орнықты. PhD доктор, қауымдастырылған профессор, профессор. Бұл ғалымдар мен профессорлық-оқытушылар құрамының академиялық ұтымдылығын дамытуға мүмкіндік берді. Ғылыми жобаларды орындауға ЖОО үлесі 2010 жылы 33 пайыздан 2012 жылы 57 пайызға өсті. Университеттер ғылыми дамудың басты міндеттерін атқара бастады.

Ғылыми зерттеулердің тиімділігі артты. ТМД аумағында алғаш рет ғылыми-техникалық ақпараттық шетелдік қорына ену жұмысы қамтамасыз етілді. Tomson Reuters (АҚШ) компаниясымен ұлттық лицензияға және Springer (Германия), Elsevier (Нидерланды) баспаларымен келісімшарттарға қол қойылды. Сол екі жыл ішінде қазақстандық ғалымдардың жоғары рейтингтік журналдардағы жарияланымдары бірнеше есе өсті.

Білім сапасын бақылаудың ұлттық деңгейдегі тетігі енгізілді. Педагогтерді даярлап, біліктілігін арттырудың жаңа жүйесі жүзеге асырылды. Мемлекеттік жинақтаушы оқыту жүйесі жұмыс істей бастады. Оқу жетістіктерін сырттай бақылау мүмкіндігі орнықты. Аралық мемлекеттік бақылау енгізілді.

Біртұтас ұлттық және кешенді тестілеу жүйесі жетілдірілді. Электрондық оқыту жүйесі енгізіле бастады.

Жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа тетігі енгізілді. Ұлттық аккредитациялық агенттіктер реестрі жұмыс істей бастады.

Министр қызметінен кейін Бақытжан Тұрсынұлы Сенат депутаты болып, білім, ғылым саласының дамуына жаңа жол ашатын бірқатар заңдардың қабылдауына үлес қосты. ТМД мемлекеттерінің Парламентарлық ассамблеясының білім және ғылым жөніндегі комиссиясының мүшесі болды. Сондай-ақ Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы жанындағы ғылыми-технологиялық кеңестің төрағасы болды. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары оқу орындарын оңтайландыру жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде жинақтаған тәжірибесі мен біліктілігін білім ордаларын дамытуға бағыттады.

Бүгінде мерейлі 70 жастың белесіне көтерілген университеттің үздік түлегі, көрнекті ғалым, академик Бақытжан Тұрсынұлы отандық ғылымның дамуына әлі де елеулі үлес қоса береді деп сенеміз.

Кемел Тоқаев шығармаларындағы шындық пен шеберлік

Түрлі кезеңдерде билік құрған идеялардың ауысуын, өмірдің өзгерісін, қоғамның дамуын, әр заманның шындығын бейнелеп, кешегі мен бүгінгі салыстыруға мүмкіндік беретін әдебиеттің ерекше қасиеті бар. Кеңестік кезеңді тым идеализациялап, сол құрылымды жаппай көкке көтере мақтау, кемшіліктерін елемей ел арасында белең алған қазіргі шақта қазақтың қарымды қаламгері Кемел Тоқаев шығармаларын оқуға кеңес беруге болады.



«Қазақ детективінің атасы» атанып кеткен Кемел Тоқаев өз шығармаларында қоғамның көлеңкелі тұсын, елге зорлық-зомбылықпен, ұйымдаса жасаған қандықол қылмыстарды көрсетіп, оларды ашуға бар күшін, ақылы мен интеллектін жұмсайтын, байқағыш, сергек те сезімтал, бірінің өмірін бірі құтқаруға дайын Талғат Майлыбаев пен Кузьменко секілді екі дос тергеуші адамдардың образын сомдады. Олар «Сарғабанда болған оқиғада» заңсыз алтын сатушылар бандасын әшкерелесе, «Тасқын» повесінде жоғалды деп арыз жазылған адамды іздестіреді. «Көшкен үйдің қонысы қайда?» шығармасында алыпсатарлар мен дүкен тонаушыларды, кісі өлтірушілерді ұстап, жазалайды.

Жазушы шығармаларының көбі детектив жанрының заңдылықтарына сай, бірден қылмыстың жасалуымен басталып, оқырманды қызықтырып алып кетеді де, соңына дейін интрига күшейіп, өрбіп, ақыры заңды шешімін тауып, әшкереле болады. Жазушы қай шығармасында болсын кішкентай детальдарды шебер ойнатады. Мәселен, сюжеті Талдықорған облысында өтетін «Сарғабанда болған оқиға» повесінде қарапайым адамдар аса зер сала қоймаған, тіпті кейбір милиция қызметкерлері де

«мылқау дала» деп назар аудармаған жайттарды ізкесушілер сөйлетіп, ілік етеді. Милиция мойоры Талғат оқиға болған жерден, бірінің үстіне бірі түскен малдың, адам іздерінің арасынан таяқ батқан шұқырларды тауып, фактілерді жинақтап, адам өлтірушінің бір аяғы жоқ, күпшектен ағаш аяқпен жүретін, бату тереңдігіне қарап, оның салмағы 85-90 келідей кесек, ірі денелі екенін, жеңіл протез кимегеніне қарап, оның жас емес, қарт әрі пайданүнем деп пайымдайды. Осындай логикалық ойдан шыққан қызықты түйіндер шығарма соңына дейін оқырманды жетелеп, қорытындының дұрыстығына таңғалдырып, бас шайқатады. Айдалада қой бағып жүрген қойшыны өлтірген адамды табу – қиынның қиыны, алайда оны өлтіру тәсіліне қарай, азаптап, жанды жерлеріне тиетін тәсілдерді қолданғанына қарап, тергеушілер мұны жасаған адамның медицинадан хабары бар әрі қойшыдан бір деректі білмек болған деп топшылайды. Қылмыскерлер де ақымақ емес, олар да өз ізін жасырмақ болып, неше түрлі айла-шарғы жасап, жазықсызға кінә артуға, кейде тергеушілерге жала жабуға ұмтылады. Бірақ осы жерде тергеушілердің қисынды, дедукциялық ойлауы әрқашан көмекке келіп, ақ пен

қараны айыруға сеп болғаны оқырманды сүйсінтеді.

Суреткер тілін әсемдеп, түрлі көркемдеуіш құралдарды молынан пайдаланады десек, асыра айтқандық болар. Дегенмен К.Тоқаевтың стиліне тән ерекшелік – кейіпкердің әлеуметтік рөлін нанымды сомдауында, жанды портретін жасап, әрекет ету мотивтерін иландыра суреттеуінде. Оның прозасындағы символдар әрқашан заттық әлемінен табиғи көрініс тауып отырады. Мәселен, қара жамылып отырған үйге кіргенде «Гүлсара тұтас қара киім киіп, басына қара орамал жамылыпты. Талғаттар үйге кіргенде шәлісімен бетін көлегейлеп, теріс бұрыла отырып, ұзақ жылады» десе, ал оларға жақын, жанашыр адамдардың үйін «Еденге сырмақ төсеп тастапты. Ақ киізге қызыл барқытты мүйіз-деп ойып, сары жібек жіппен әдіптеген. Шам жарығымен жай-

нап, көздің жауын алады. Үстіне жата қалып аунағың келеді» деп, сол үйдің мамыражай ауанын, кейіпкерге әсерін бейнелеп жеткізеді.

«Көшкен үйдің қонысы қайда?» деген атауының өзінде жұмбағы бар, сюжеті Жамбыл облысында өтетін шығармасында масайған адамның өң мен түс арасындағы талықсу сәтін шебер жеткізген. Оған төнген қауіпті де табиғатпен шендестіре «Осы сәтте қалқыған айдың қара таңбасына қыбырлап жан біткендей болды. Бара-бара ұлғайып барды. Міне, жақындап та қалды. Сөйткенде терезені кернеп, біреу аттап өтті. ... Жылымшы жас қанның иісі келді. Бұдан кейін ол еш нәрсені сезбеді. Бұл соңғы тыныс еді... Құбыжық көлеңке тастаған, толған ай, қанды кештің куәсі болудан тайсалғандай қоңыр бұлт арасына кіріп бара жатты», – деп жазады.

Ауыл-үй арасында тіпті миға сыймайтын, үрейлі, қорқынышты әңгімелер, ауыздан-ауызға таралып айтылатыны рас. Жазушы осындай фольклорлық дәстүрге сай, «Қара мысық», «Қобызшы шал» туралы дақырт әңгімелерді оқырманның мәтінге әуестігін арттыру үшін шығарма поэтикасына сәтті енгізеді. Тергеушілер болса мұндай аңыздарды таратушылар өз қылмысын жасырып, халық арасында үрей туғызу, шатастыру секілді белгілі бір мақсат-мүддені көздеп әрекет еткенін анықтайды.

Жазушы шығармаларында тартыс ашкөздік пен ынсап, тойымсыздық пен қанағат, немқұрайдылық пен жұмысқа адалдық, рақат пен азап, арсыздық пен ұят, жеке бас мүддесі мен қоғам игілігі арасында өрбіп, психологиялық, әлеуметтік жайттармен астасып отырады. Осы тартыстардан кеңестік кезеңнің шындығын, заңдарын, сол кездегі қоғамдық түсінікті көреміз. Мәселен, алыпсатарлықпен айналысушыларды еңбексіз жеңіл нәпақа табушылар деп күрессе, бүгінгі нарық заманында ол заңды болып есептеледі, дегенмен алыпсатарлық өнімнің бағасын еселеп қымбаттатып, тұтынушыға залалын тигізіп отырғаны да жасырын емес. Немесе қазіргі батыстық полицейлер мен құтқарушылардың өміріне арналған фильмдерде кейіпкердің жұмысбастылығы соншалық – тіпті отбасын да ұмытып кетіп, конфликт сол арадан туындап жатады. Осындай жайттар К.Тоқаевтың 1957-58 жылдары жазылған шығармаларынан да көрініс табады. Детектив жанрының заңдылығына сай, әрине, зұлымдықты жақсылық, айуандықты адамдық, көргенсіздікті ар-намыс жеңіп отырады. Осындай адамгершілік заңдарын астарлы түрде насихат еткен К.Тоқаев шығармалары құнды әрі өміршең.

Еркінгүл СОЛТАНАЕВА,
ф.ғ.к., аға оқытушы

Ертегі ел – Үндістанға сапар

Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы үндітану бөлімінің магистранттары мен Зарина Әбілмәжінова, сондай-ақ 4-курс студенті Арай Дүйсенова Үндістанның мәдени істері жөніндегі кеңесі (ары қарай ICCR) ұйымдастырған халықаралық хинди тілін үйреніп жүрген студенттерге арналған Hindi Vishwa Yatra бағдарламасы аясында Үндістанға барып келді.

Бағдарлама дүниенің түкпір-түкпірінен хинди тілін оқып жүрген шәкірттердің басын Үндістанда қосты. Білім алушыларға Үндістанның мәдениеті, тарихи жерлері, белді университеттерімен танысуға мүмкіндік берді. Алғаш рет ұйымдастырылып отырған Hindi Vishwa Yatra бағдарламасы 13 елден келген 31 делегатты Үндістанның Дели, Агра, Нагпур, Вардха секілді қалаларымен таныстырды. Бағдарлама аясында Қазақстаннан Бөлек, Ресей, Тәжікстан, Жапония, Оңтүстік Корея, Австралия, Польша, Италия, Шри-Ланка,



Фиджи, Танзания, Оңтүстік Африка секілді мемлекеттерден хинди тілін үйреніп жүрген жастар Үндістанның астанасы Делиде жиналды. Делегаттар Дели қаласының аса маңызды әрі тарихи жерлерінде, атап айтсақ: Ред



Фортта, премьер-министрлер мұражайында, ұлттық қолөнер мұражайында, ұлттық драма мектебінде болды.

Бағдарлама шеңберінен Агра қаласындағы танымал Тәж-Махал кесенесі де, Агра Форт та тыс

қалмады. Бұдан өзге, делегаттар Үндістанның ең беделді Дели университеті, Кендрия Хинди Санстанхан, Махатма Ганди атындағы Халықаралық хинди университетінде болып, оқу барысымен танысты. Профессорлардың дәрісін

тындап, өз университеттерін таныстырып қайтты. Бағдарлама барысында қазақстандық делегаттар ICCR президенті Винай Саксарабудхе мырзамен танысып, оған өз сыйлықтарын тарту етті.

Біз сондай-ақ Үндістанның Уттар Прадеш штатының министрлер кабинеті мүшелерінің, жергілікті Dainik Jagran газеті редакциясының, аса танымал Sahitya Academy баспасының арнайы қабылдауында болып, хинди тілін үйренудегі өз тәжірибелерімен бөлісіп, кеңестер алдық. Бағдарлама қазақстандық студенттерге Үндістанды танып-білуге ғана емес, Үндістандағы түрлі университеттерге, ұйымдарға, ICCR басшылығына Әл-Фараби университетінің үндітану бөлімін таныстырып, Қазақстандағы хинди тілінің үйретілу дәрежесін көрсетуге, екі ел арасындағы қарымқатынасты нығайтуға көмек беретін байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

Тоғжан УРУМОВА,
шығыстану факультетінің
1-курс магистранты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті, академик Бақытжан Жұмағұловтың 70 жылдығына арналған ҚР ҰИА жалпы жиналысының отырысына қатысты.

Мерейтой иесіне құрмет көрсетілді



Жиында Бақытжан Тұрсынұлына арналған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да басылып шыққан «Фибратты ғұмыр» сериялық кітабының және академиктің «Человеческий фактор – хроники министра» атты үш томдық кітабы мен «Қазақстан ғалымдарының библиографиясы» атты кітабының салтанатты тұсаукесер рәсімі өтті.

Сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын Дархан Ахмет-Заки оқып берді.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Бақытжан Жұмағұловтың еңбек жолына тоқталды. «Бақытжан Тұрсынұлы – ҚазҰУ-дың қолданбалы математика факультетінің түлегі. Бақытжан Жұмағұлов ғылымға,

қоғамдық жұмыстарға ерте араласты. Бақытжан Тұрсынұлының бастамасымен 2011 жылы елімізде «Ғылым туралы» жаңа заң қабылданды. ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспасынан «Фибратты ғұмыр» сериясы бойынша кітаптар жарық көріп келеді. «Фибратты ғұмыр» сериясының кезекті шығарылымын біз Бақытжан Тұрсынұлының мемлекеттік қызметі мен ғылымдағы жолына арнадық», – деді ректор.

Сондай-ақ шара барысында мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен академиктер баяндама жасап, мерейтой иесіне ыстық лебіздерін білдірді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Халықаралық жазғы психологиялық мектеп өтті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Интегративті қолданбалы психологияның негіздері мен технологиялары» атты VII халықаралық жазғы психология мектебі өтуде.



Жыл сайын жазғы мектепке Қазақстанның әр түкпірінен, алыс-жақын шетелдерден тәжірибелі психолог мамандар мен докторанттар, магистрант және студенттер жиналады. Қазақстан, Өзбекстан, Польша, Германия, Болгария, АҚШ және басқа да елдердің белгілі психологтары мен педагогтары кәсіби шеберліктің сырымен бөлісуде. Психологиялық мектептің ерекшелігі – психологиялық ғылымның өзекті мәселелерін шешудегі қолданбалы аспектілерін айқындау және тиімділігін арттыру.

Биылғы аталған шараның шеберлік сыныптары тұрақты дамудың (ТДМ) жақсы денсаулық, әл-ауқат және сапалы білім сынды негізгі үш бағытын қамтиды. Шара аясында психологиядағы адамның өмір бойғы даму ресурстарын оңтайландыруға, адамның физикалық және психикалық денсаулығын үйлестіруге бағытталған ресурстық амалдар жан-жақты зерттелуде. Қолданбалы психологияның интегративтілігі

жеке тұлғаның тұтастығын, оның белсенділігін көрсетеді. Психологиялық мектеп алаңында тәжірибелі мамандар мен болашақ жас мамандар тәжірибе алмасып, білім беру сапасын арттыруға ықпал етуде.

Шараны ұйымдастырушылар: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, Психологиялық технологиялар мен инновациялар орталығы, психология ғылымының докторы Фатима Ташимова және PhD доктор Айдана Ризуллалар.

Аталған шара аясында қатысушылар жағымды эмоция, ерекше көңіл күйде жаңа дағдыларды меңгеріп, білімдерін шыңдап, өзара пікір алмасты.

Айгүл ӘЛШІМБАЕВА,
философия және саясаттану факультеті деканының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары

Студенттер мүмкіндігінше жатақханамен қамтылады

Соңы. Басы 1-бетте

Сондықтан 2023/24 оқу жылына сақадай-сай дайын болуымыз қажет. Университеттегі жатақхана жай-күйімен, арнайы құрылған штабтың жұмысымен таныстық. Студенттерді қабылдау жұмыстары ҚазҰУ-да қарқынды жүруде», – деді Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Аңерке Абылайхан.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ағымдағы оқу жылында жатақханаға мұқтаж студенттердің 76,2 пайызын студенттер үйімен қамтамасыз етеді.

Бүгінде оқу ордасында 5938 орындық 14 жатақхана және Жас ғалымдар үйі бар. Жаңа оқу жылы қарсаңында өзге қалалардан жатақханаға мұқтаж 11 мың бакалавриат студенті келеді, оның 5638-і, яғни 51,2 пайызы жатақханамен, 30 пайызы хос-



телдермен қамтамасыз етіледі. Ал магистратура және докторантурадағы студенттер Жас ғалымдар үйіне орналастырылады.

Университет жатақхана тапшылығын шешу мақсатында хостел, қонақүй және жеке жалға берушілермен келіссөздер жүргі-

зуде. Осылайша 1800 студентке жатын орын табу көзделуде.

Қалашықтағы 14 жатақханада ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, аяқталуға жақын. Жөндеу кезінде жатақханалардың барлық бөлмелері мен дәліздері сырланып, ағартылды. Бірінші қабаттың қасбеті боялып, кіреберісі де әрленеді.

Сонымен қатар №14 және №6 жатақханаларда линолеум ауыстырылды. №6 жатақханада санитарлық-техникалық жабдықтар жаңартылды. Бұдан бөлек, барлық жатақханаларда душ жөндеу, электр, жылу жүйесін тексеру сынды жұмыстар атқарылды.

Сондай-ақ алдағы уақытта жатақхана тапшылығын түбегейлі жою үшін ҚазҰУ қалашығы құрылысының 2-кезеңі аясында кезең-кезеңімен жатақхана салу жоспарланған.



Фудань Чжанцзян институты ҚазҰУ-мен серіктестік орнатады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректор Әсел Уәлиева мен Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова Фудань Чжанцзян институты деканының орынбасары Ля Сяолин бастаған ҚХР делегация құрамымен кездесті.

Жүздесу барысында ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректор Әсел Уәлиева оқытушы-профессорлық құрам мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағыты аясында ҚазҰУ мен ҚХР университеттерінің ынтымақтастығының маңыздылығын атап өтті. 2019-2023 оқу жылдары ішінде 80 адам академиялық ұтқырлық (докторантура, магистратура, бакалавриат) бағдарламасы бойынша білім алды. Білім алушылар Қытай университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, жазғы мектептерге қатысты. Біліктілікті арттыру және ғылыми конференцияларға қатысу мақсатында 44 оқытушы ҚХР-ға барды. Өз кезегінде ғылыми-иннова-



циялық қызмет жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова Фудань институтымен ғылыми ынтымақтастықты дамытуға әзірлігін жеткізді.

ҚазҰУ-да Қытайтану кафедрасы мен Конфуций институты жұмыс істейді. Құрылғалы бері онда 3000-нан астам студент қытай тілін меңгеріп, оқу құралдары басып шығарылды. Университет ҚХР жоғары оқу орындарымен серіктестік аясында Пекин және Шанхай университеттерінде екі қазақстандық орталық ашты.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірқатар бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын іске асыруда және ҚХР жетекші университеттерімен өзара тиімді әріптестікті арттыруда. Сондай-ақ сапалы білім беру мен инновацияларды

дамыту БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру саласында азиялық жоғары оқу орындарымен белсенді өзара байланыс орнатуда», – деп атап өтті проректор.

Өз кезегінде арнайы қабылдауға алғыс білдірген Фудань Чжанцзян институты деканының орынбасары Ля Сяолин әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарына кіретін Қытайдың ең беделді және көне оқу орнының қызметіне тоқталды.

Кездесу соңында делегация құрамы ҚазҰУ-мен ұзақ мерзімді әріптестік орнатуға қызығушылық танытып, тараптар келешек жемісті ынтымақтастықтың бағыттары жайлы өзара пікір алмасты.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Альмира ҚҰСТЫБАЕВА:

Арманым – ми институтын ашу

Ғалым ғылымға шынайы құштар болған кезде ең батыл жобаларды шалқар шабытпен орындай алады. Өйткені адам бойындағы құштарлық түбі тәуір нәтижеге жеткізбей қоймайды. Бұл өмірде дәлелденген жағдай. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультетінің Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының меңгерушісі Әлмира Құстыбаева өзінің әу бастағы арманы – Когнитивтік нейроғылым орталығын ашты. «Нейроғылым – әрі күрделі, әрі нәзік сала. Ғалымнан аса сезімталдық пен жинақылықты талап етеді. Біздің мамандық қалт кетуді көтермейді», – дейді бізбен әңгімесінде Әлмира Құстыбаева. Профессор бүгінде ми және адам санасының сан қырлы мүмкіндігін тану ізденісін тереңдетіп, еліміз үшін тың сала – нейроғылымды дамытуда.



Әлмира Мәлсқызы бала кезінен ғалым болуды армандаған әрі өзін басқа салада елестетіп те көрмеген. Тек ғылыммен бетпе-бет келіп, таңдау құқығы берілгенде аздап жүрексінген. Өйткені мектеп қабырғасында жүргеннен өзінің жақсы көрген математикасына көңілі бұрып тұр. Кішкентайынан есеп-қисапқа ынталы еді, кейін оқушы кезінде пән бойынша олимпиадаларда талай жеңіс тұғырына көтерілгені бар. «Осылай әрі-сәрі күйде жүргенде медицина ғылымының докторы дәрежесіндегі ағамның: «Биологияны меңгер. Бұл салада атқарылатын жұмыс өте көп. Математикалық қабілет-қарымыңды биологияда қолданасың», – деген ақыл-кеңесін тыңдадым. Ниетім оң болып қателеспеппін. Нәтижесінде ҚазҰУ-дың биология факультетіне оқуға түсіп, биофизика мамандығын таңдадым.

Профессор Замира Бияшева мені миды зерттеу әдістерімен ерекше баурап алды», – дейді зерделі ғалым. Университетті тамамдаған соң, Әлмира Мәлсқызы 1994 жылы Мәскеудегі халықтар достығы институтында Н.А.Агаджанянның жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғады.

Оның әу бастағы математикаға деген сүйіспеншілігі нейроғылыммен айналысқан кезде көмекке келді. Осы бағытта жетілдіру ойы 2003 жылы ҚР Президентінің гранты бойынша Турку қаласындағы (Финляндия) Когнитивтік нейроғылым орталығында жас ғалымдарға арналған тағылымдамадан бастау алды. Дәл сол кезде Қазақстанда ұқсас орталықты ашу идеясы пайда болып, ол бірнеше жыл өткен соң ҚазҰУ-да жүзеге асты. Одан кейін өмір жолындағы JFDP (АҚШ), TEMPUS (Ұлыбритания), Fulbright

(АҚШ) және басқа да гранттар бойынша ғылыми тағылымдамалар ғалымның ми функцияларын интегративті әдіс тұрғысынан зерттеу бойынша көзқарасы мен ұстанымын қалыптастырды. Цинциннати университетінің (АҚШ) Психиатрия және мінез-құлық нейрологиясы кафедрасы жанындағы Нейроимиджинг орталығында өткен постдокторантура мен ғылыми жұмыс тәжірибесі де Әлмира Мәлсқызы үшін маңызды кезең болды. Осының бәрі ми сигналдарын талдау саласының маманы болуға, функционалды магниттік-резонанстық томография әдісін игеруге, қалыпты және бұзылған эмоционалды күй мен когнитивті бақылау бойынша зерттеулер жүргізуге мүмкіндік берді, тіпті даңғыл жол ашты десек, артық айтқандық емес.

«Өмір жолымда М.Познер, Дж. Маттьюс, Ю.Александров,

Дж. Элиассен, Дж. Дункан сынды танымал тұлғаларды кездестірдім және олардың мамандыққа деген сүйіспеншілігі маған ерекше әсер етті. Нейроғылым – бұл ғылыми зерттеулердің таңғажайып сарқылмайтын саласы. Мысалы, біздің миымыз ақыл-ой әрекетін қалай қамтамасыз етеді, сана дегеніміз не, оның нейрофизиологиялық механизмдері қандай, миымыз ақпаратты қалай кодтайды, ми сигналдары арқылы біздің ойлау жүйемізді түсінуге бола ма деген сұрақтарға үнемі жауап іздейді», – дейді ғалым.

«Қазір мен Қазақстанда нейроғылымды дамытуға бар күш-жігерімді жұмсаудамын. Шәкірттерім М.Жолдасова, А.Қамзаномамен бірге Когнитивтік нейроғылым орталығын құрдық, – деп әңгімесін жалғастырды Әлмира Мәлсқызы. – Бұл салада интегративті ойлау қабілеті бар мамандардың аса қажет екенін түсіне отырып, «Нейроғылым» мамандығын үш деңгейде: бакалавриат, магистратура және докторантурада ашуды ұйғардық. Нейроғылымға қадам басқан алғашқы студенттерге қарап-ақ, олардың біздің ісімізді жалғастырушы екеніне қуанамын. Нейроғылымдағы келешек тамаша зерттеулерге жол ашып, ерен еңбек етіп, тер төгіп жатқанымыз бекер болмауға тиіс. Шынында да, қай салада болсын алғашқы қадам жасаушыларға әрқашан қиынырақ. Қазақстанда алғаш рет атақты академик Серік Ақшолоқовтың жетекшілігімен Ұлттық нейрохирургия орталығының базасында функционалды магниттік-резонанстық сканерлеуді

қолданысқа енгізгенімізді мақтан тұтамын. Енді біз бұл әдісті ми ісігі сырқатымен ауыратын науқастар үшін мидың когнитивті функцияларын қартаға түсіруге қолданамыз. Бұл мидың жұмыс істеу құпияларын ашатын зерттеудің жаңа түрінің бастамасы».

Ғалымның пайымынша, Қазақстанда нейроғылымды дамытуға алғашқы қадам жасалды. Оның негізгі діңгегі қаланып, әдістемелік кешені енгізілді. Сөйтіп, әлемдік деңгейде іргелі зерттеулерді жүргізу қажет екені дәлелденді.

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз Әлмира Құстыбаеваның отандық ғылымның дамуына қосқан үлесін мемлекет жоғары бағалады: көрнекті ғалым Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы елеулі қызметі ескеріліп, «Ерен еңбегі үшін», «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2019» медальдарымен марапатталды.

«Менің ендігі басты мақсатым мен арманым – ми институтын ашу. Мұндай институт Қазақстанда жоқ. Әлемдік қор көздерінен миды зерттеуге қатысты халықаралық қаржыландыру тәсілін тартуға қабілетті ғылыми құрылым құрудың алғышарттары бізде бар. Қоғамның нейроғылымға деген қызығушылығы артып келеді. Өйткені әркім өзінің, тіпті басқа біреудің сана-сезімін, мінез-құлқын тереңірек түсінуге, эмоционалды күйді реттеуге, қабілет-қарымын дамытуға және ойлау жүйесін оңтайландыруға мүдделі», – деп қорытындылады ғалым әңгімесін.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

«Standlab: Development and Engineering» жобасы жетістігі

Білім беру – адами капиталды дамыту әрі кәсіби білікті арттырудың негізгі жолы. Осы бағытта ізденісін жетілдірген Қазақ ұлттық университеті химия және химиялық технология факультетінің 3-курс докторанттары – Еркебұлан Марал мен Шыңғысхан Сұлтанхан стартап компания құрды. Ол «StandLab – Development and Engineering» деп аталады. Компания мектептердің химия, физика және биология кабинеттеріне арналған ғылыми-демонстрациялық стендтер инженерингі, өндірісі және маркетингімен айналысады.

Жобаның алғашқы сатысында ракета модельдеу саласы бойынша орта мектептердің физика кабинеттеріне арналған ғылыми-демонстрациялық стенд жасалды. Сонымен қатар базалық курс пакетінің әдістемелік нұсқаулығы әзірленді. Мұнда оқушылар екі апта бойы ракета модельдеу теориясын оқып қана қоймай, практикада жасап үйренеді. Теориялық жағы физика, математика, химияны тоғыстырса, тәжірибелік тұсы ракетаны жобалау, жеке бөліктерін есептеп-әзірлеу, құрастыру, әсемдеу және өзі жасаған ракетаны ұшырудан тұрады.

Бүгінде модельдеу бойынша оқушылардың бірінші легі сабақ оқыды. Алдағы уақытта курстың

базалық пакетін жас инженер деңгейіне дейін жетілдіру жоспарланып отыр. Онда оқушылар ракета модельдерін композитті материалдардан жасап, сынақ стендтерінде ракетаның аэродинамикалық қасиетін зерттемекші.

«Курс физиканың жалпы заңдылықтарын, әсіресе аэродинамиканы тиімді игеруге ықпал етеді. Теориядан бастап, практикаға дейін өзі еңбектенген соң, нәтижесі ретінде жеке ұшу аппаратын жасап, естелікке алып қалады. Оқушы жобалық бағдарлы оқыту арқылы қиын теорияны ары қарай меңгеруге мотивация алады. Инженерлік, ғылыми және технологиялық проблемалармен бетпе-бет кездесіп, оны шешуге



деген мақсат пайда болады. Оқушылар бұл жобамен халықаралық спорттық жарыстарға да қатыса алады», – дейді жоба авторлары.

Стартаптың миссиясы – отандық білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы мен білім беру методикасын инновациялық технологиялар арқылы жүйелі модернизациялау.

Жоба авторлары физика, химия, аэродинамика, ракета құру бағытында оқушылардың қызығушылығын оятып қана қоймай, оны дамытуды заман талабына сай және қызықты етіп жасауды көздейді.

Қазіргі уақытта «StandLab – Development and Engineering» жобасы бойынша жұмыс жал-



ғасуда. Стартаптың келесі сатыларында химия және биология кабинеттерінің стендтері жасалмақ. Жоба жүзеге асса, Қазақстан аумағындағы орта мектептер жоғары сапалы ғылыми-демонстрациялық стендтермен жабдықталады.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

«Qazaq universiteti» — ҚазҰУ шежіресі

«Qazaq universiteti» газеті редакциясымен 2011 жылы таныстым. Ол кезде ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсуге талпынып жүргенмін. 11-сыныптың оқушысымын әрі осы ЖОО өткізген байқаудың жүлдегері атандым. Сол жайлы шыққан газетті алу үшін редакцияға барған едім. Ректораттың 11-қабатындағы басылым қызметкерлері Саягүл Әлімбаева мен Еңлік Ақжігіт сондай бір жылы шыраймен қарсы алды. Сұраған газеттерімді жылдам тауып берді. Мерзімді баспасөздегі журналистика, жалпы, журналистикаға деген әдемі әңгіме өрбіді. Содан бастап бұл редакция менің университеттегі ең сүйікті орталығымна айналды. Әрі ең бірінші жұмыс орным болды.

зетте латын әріптерімен жазуды қолдану үрдісі жүріп жатқан еді. Газеттің ішкі айдарларын, қысқартуға, жүгіртпе жол ақпараттары латын әріптерімен басылды. Сондай-ақ газетімізден тәжірибеден өтуге мүмкіндіктер қарастырылды.

2019 жылы университетіміз 85 жылдық мерейтойын атап өтті. Жыл бойы басылымда университет тарихынан бастап, ғалымдарымыздың, студенттеріміздің пікірлерін, ойларын, ұсыныстарын жариялап отырдық. Мерейтоймен алыс-жақын шетелдерден құттықтаулар да толастамады. ҚазҰУ түлектері де қара шаңыраққа тарту жасап жатты. Мұның барлығы біздің газеттің бетінде жарияланды.

2020 жылы газет әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын барынша насихаттады. Газеттің қаңтардағы №1 нөмірінен бастап, жыл соңына дейін ұлы ғұламаның ғылымдағы орны ғалымдар тарапынан терең зерттеліп, сараптамалық-танымдық мақалалармен үздіксіз жарияланып отырды. Әл-Фараби мерейтойын осылайша университетіміз БҰҰ-мен бірлесіп әлемдік деңгейде атап өтті. Мерейтой жылының ашылуы мен ғылыми жиындарда, конференцияларда, мемлекеттік шараларда, мерейтой жылының жабылуында газеттің арнайы нөмірлері жарық көріп, ол барлық қатысушыларға таратылды. Бұл өз кезегінде «Qazaq universiteti» газетінің халықаралық аренада медиа ұтқырлығын көрсете алған тамаша уақыты болғаны сөзсіз.



кершілік міндет жүктелген жылдар болды.

2018 жылы басшылық газетке басылымның бас редакторлық міндетін атқарушы қызметін жүктеді. Редакцияда кадр аз болды, ортақ Баспасөз қызметіне біріккен бөлім болғандықтан, негізгі ақпараттарды осы бөлім қызметкерлерінен алатынымыз. Өзім 0,5 штаттық бірлікте жұмыс істедім. Бөлім басшысы Гүл Баянзина газеттің біраз жұмысына көмектесті, бірлесіп шығардық. Мен жұмысты толық алып кеткенше Гүл Құттыбекқызы газеттің орыс тіліндегі материалдарына ұқыптылықпен қарады. Баспасөз қызметінен Жанна Сағади, Анвар Ушуров, Айнұр Ақынбаева, Еңлік Ақжігіт, Қайыржан Төрежан, Светлана Өмірғалиевалар газет жұмысына жанашырлық танытты. Осы жылдары алғаш рет га-



2013 жылы басылымның бас редакторы Саягүл Әлімбаева редакцияға 0,5 штаттық бірлікпен беттеуші-дизайнер қызметіне жұмысқа шақырды. Ол кезде университеттің «Баспа ісі» мамандығының 3-курс студенті едім. Оған дейін университет газетіне жиі мақала беріп тұратынмын. Бірақ газет беттеу деген, – мақала жазу емес. Бұл – бір жағы, мен оқып жатқан мамандыққа тікелей жақын жұмыс. Сабақта ұстазымыз Сағатбек Медеубекұлының жетекшілігімен «Баспагер» оқу-тәжірибелік газетін, кафедраның аға оқытушысы болған Бәтш Омарова, Роза Әбдиева ұстаздарымызбен «Шуақ» оқу-тәжірибелік жастар журналын, Ұлттық журналистік зерттеу орталығының президенті, аға оқытушы Дәрмен Смайыл ұстазымызбен «Күн сәті» кітабының толық баспа-полиграфиялық жұмыстарын жасап, тәжірибе жинақтағанбыз. Сондықтан болар, бұл қызметтің аса қиын болмайтыны түсінікті еді. Бірақ бұл оқу-тәжірибелік газет емес, сондықтан жауапкершілік жүгі салмақты. Оның үстіне бірінші жұмыс күнім – газеттің 65 жылдық мерейтойына сәйкес келді. Бұл тіпті жұмыстың салмағын еселей түсті. Редактормен бірге газетті түн ортасына дейін беттедік. Газет таңертең уақтылы баспадан басылып шықты. Ол кезде жауапты хатшы Дариға Амангелдиева апамыз баспада күн-түн демей отырып, шығарып, ректоратқа алып келетін. Кейде апаймен ілесіп біз де барып, газеттің шығу барысымен танысып, баспахана машиналарының қасында жүретінбіз. Бұл бір қызық дәурен еді.

Сол жылдары департамент директоры Дәурен Дүйсебаев, басылым редакторы Саягүл Әлімбаева «Qazaq universiteti» газетінде жастар бетін көбейту, студент жастардың ой-пікірлерін, әңгімелерін, өлең-жырларын, сту-

Ертай Сұлтан – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің доцент м.а., PhD, «Болашақ» стипендиясының иегері. Әріптесіміз Ертай Сұлтан АҚШ-тағы Абай орталығында Абай ілімімен қоса, қазақ әдебиетін тереңнен таныту жолында атқарған істерімен бөлісуді жөн көрдік.

Абай мұрасын насихаттаушы жас ғалым

Университетіміздің жас ғалымы Ертай Сұлтан Қазақстан Республикасының Вашингтон қаласындағы елшілігінің қолдауымен Дж. Вашингтон университетінде ашылған «Abai Center» қазақ мәдени орталығында бір жылдық тағылымдамдан өтті. Ертайдың тағылымдамдан өтуінің басты мақсаты – шетелге қазақ әдебиетін, мәдениетін, өнерін кеңінен таныту. Осы мақсатта бір жыл ішінде көптеген тағылымы мол іс-шаралар өткізді.

Тағылымдама басында Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы елшісі Ержан Ашықбаевқа және Абай орталығына жауапты Абай Бескенге бір жылдық жұмыс жоспарын таныстырып, Абай орталығының үйлестірушісі қызметіне кіріседі. Ең алдымен Абай орталығының әлеуметтік желілерде парақшаларын, атап айтсақ: Twitter, Instagram, Facebook және Youtube каналын ашты. Орталықтың парақшаларында С.Фредерик Старр, Чарлиз Веллер, Гүлнәр Кендірбай, Анатолий Хазанов секілді т.б. сарапшы ғалымдардан алынған сұхбаттар легін, қазақ әдебиеті мен мәдениеті бойынша ақпараттық мазмұндағы посттарды жариялап отырды. Абай орталығының үйлестірушісі ретінде Гарвард университеті, CASA бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен Абай симпозиумына қатысып, ағылшын тілді аудиторияға Абайдың әдеби мұрасы, халықаралық ғылыми ортада зерттелуі туралы кешенді ақпарат беріп, Абай философиясындағы жалпыадамзаттық парадигмалар туралы баяндама жасады. Симпозиумға Гарвард университетінің профессоры Нұрлан Кенжеахмет, Гарвард, Бостон, Масачусеттс университеттерінің оқытушы-профессорлық құрамы мен студенттер қатысты.

Сонымен қатар Ертай Сұлтан қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойына орай, Mukhtar Auevov in the world cultural paradigm атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық конференциясын ұйымдастырып, Қазақстан, АҚШ, Түркия және Еуропа елдері ғалымда-



рының басын қосты. Конференция барысында классикалық қазақ шығармаларын тікелей ағылшын тіліне аудару, қазақ балалар әдебиетін шетелдегі қазақ диаспорасына ықшамдап ұсыну, елдер арасындағы әдеби байланысты нығайту туралы ұсыныстар талқыланды. Ертайдың Дж. Вашингтон университеті, Эллиот халықаралық қатынастар мектебінде Абай орталығының ресми бөлмесінің ашылуына үлесі зор. Ол Абай орталығында тағылымдама барысында «Ұлы дала әуездері»/«The sounds of the Great Steppe» атты 11 сериялық подкаст жасап шықты. Шетелдіктерге қазақ музыка мұрасындағы атаулы есімдер мен ұлттық аспаптарымызды осы подкастар арқылы тереңнен таныстырды. Алғашында олар Коста-Рикада музыка тарихы категориясы бойынша алғашқы орынға шықса, қазір бүкіл әлем бойынша тыңдаушылары көбеюде. Ертай әріптесіміз Абай мұрасын, жалпы, қазақ әдебиеті классиктерінің ағылшын тіліне аударылған шығармаларын, қазақ мәдениеті мен өнерін АҚШ еліне танытуда елеулі еңбек сіңірді.

Гүлназ ДӘУІТОВА,
Қазақ әдебиеті және
әдебиет теориясы
кафедрасының доцент м.а.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия докторы (PhD)

Беззаветное служение делу всей жизни

Калимагамбетов Айткали Мажитович, выпускник нашего университета, всю свою профессиональную жизнь посвятил подготовке высококвалифицированных специалистов в области медицинской генетики. Под его руководством было подготовлено свыше 200 дипломных и магистерских работ. В настоящее время его ученики успешно трудятся в перинатальных и медико-генетических центрах городов Алматы, Астана, Шымкент, Кызылорда, Усть-Каменогорск, Тараз, Актобе, Уральск, Атырау, Актау и др.



Айткали Мажитович родился в 1951 году в селе Шункуркуль Тайыншинского района СКО. С детства его увлекала живая природа, поэтому, после окончания средней школы в г. Кокшетау, он решил поступать на биологический факультет КазГУ им. С.М.Кирова. После успешной сдачи вступительных экзаменов Айткали Мажитович был зачислен на очное отделение биологического факультета. Участь в университете, он сделал свой выбор и стал специализироваться на кафедре дарвинизма и генетики. В студенческие годы он увлекся таким направлением как генетика человека, стал посещать медико-генетическую лабораторию Республиканской поликлиники г. Алма-Аты. Проводя большую часть свободного времени в этой лаборатории, его увлекла проблема ранней пренатальной диагностики, позволяющей выявить генетические аномалии у будущего ребенка. Это направление в те годы только начинало развиваться в Казахстане. В 1975 г. после окончания университета он был направлен по распределению врачом-цитогенетиком в медико-генетическую лабораторию г. Алматы, а с 1980 по 2001 гг. работал старшим лаборантом, младшим и старшим научным сотрудником Республиканского научного центра здоровья матери и ребенка. Научные исследования, начатые в университете, он продолжил в

Институте цитологии АН СССР в г. Санкт-Петербурге и по результатам этих исследований защитил кандидатскую диссертацию.

С 1993 г. Айткали Мажитович начинает работать на биологическом факультете КазНУ им. Аль-Фараби, сначала по совместительству на кафедре цитологии и гистологии, а с 2001 года по настоящее время он полноценно трудится на кафедре молекулярной биологии и генетики в должности старшего преподавателя. С 2003 г. работу на кафедре Калимагамбетов А.М. совмещал с заведованием лабораторией коллективного пользования «Физико-химические методы исследования в биологии» на биологическом факультете, а с 2008 г. по 2012 г. занимал должность директора ДГП «Научно-исследовательский институт проблем экологии» РГП «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби». На протяжении этих лет коллектив факультета был свидетелем титанического труда, вложенного Айткали Мажитовичем в продвижение научных проектов профессорско-преподавательского состава факультета биологии и биотехнологии нашего университета, в реализации которых в последующие годы принимала активное участие молодежь факультета – студенты, магистранты, докторанты.

Айткали Мажитович – разносторонний и широко эрудированный педагог, прекрасный лектор,

умеющий владеть студенческой аудиторией и вызвать огромный интерес к обсуждаемой теме лекции. Все курсы, читаемые им, вызывают огромный интерес у будущих специалистов. Айткали Мажитович на занятиях рассматривает не только общие фундаментальные положения и закономерности тех или иных явлений и процессов в рамках общих и специальных курсов, но и, что особенно важно, показывает возможность прикладного использования теоретических знаний в тех или иных областях знаний современного мира. Он является одним из инициаторов открытия новых образовательных программ по генетике, координатором образовательных программ магистратуры «7M05104 – IT-генетика», «7M05105 – Генетика», «7M05106 – Генетика (1-год.)», «7M05107 – Генетика (1,5-год.)» и разработчиком образовательной программы бака-

лавриата «6B05105 – Генетика» и докторантуры «8D05104 – Генетика».

Калимагамбетов А.М. является консультантом молодых ученых, научных работников, преподавателей высших учебных заведений по генетике и цитогенетике человека. Студенты, проходившие у него обучение, с огромной благодарностью и теплотой отзываются о его принципиальности и заинтересованности в подготовке кадров для такой востребованной в наше время области, как генетика и медицинская генетика, в частности.

Помимо педагогической деятельности Айткали Мажитович активно занимается и научно-исследовательской работой. Он является автором более 100 научных трудов, соавтором 4 учебно-методических пособий: «Цитогенетические методы в генетическом мониторинге», «Статистические методы в биоло-

гии с программным обеспечением», «Генетикалық мониторингі цитогенетикалық әдістері», «Биологиядағы бағдарламалармен қамтамасыз етілетін статистикалық әдістер»; автором патентов, в том числе Российской Федерации. Калимагамбетов А.М. являлся руководителем научного проекта грантового финансирования МОН РК: «Изучение биомаркеров приобретенной и наследственной тромбофилии у женщин репродуктивного возраста казахской этнической группы для прогнозирования риска развития осложнений беременности» (2015-2017 гг.). Также он осуществляет экспертные оценки научно-исследовательских работ и участвует в оппонировании PhD-диссертаций факультета, является членом экспертной комиссии по научно-исследовательским работам МОН РК.

Айткали Мажитович Калимагамбетов является примером достойного педагога, воспитавшего не одно поколение ученых и специалистов в стенах нашей Alma Mater – Казахского национального университета имени Аль-Фараби, передовой и мощной кузницы научных кадров! Его беззаветное служение делу всей жизни – подготовке высокообразованных специалистов было отмечено руководством университета и вручена ему медаль «Ерен еңбегі үшін» (2021 г.) за высокий профессионализм, добросовестную научно-педагогическую деятельность, продолжительную и безупречную работу.

Сауле КОЛУМБАЕВА,
д.б.н., профессор

Анна ЛОВИНСКАЯ,
PhD, старший преподаватель
Кафедра молекулярной
биологии и генетики

Поездка была плодотворной

В прошлом месяце группа ученых из НАО Казахского национального университета имени Аль-Фараби (декан ВШЭБ, к.э.н., и.о. профессора Бимендиева Л.А., зав. кафедрой «Бизнес-технологии» к.э.н., ассоциированный профессор (доцент) Ахметова З.Б., к.э.н., и.о. профессора Кожамкулова Ж.Т., зам. зав. кафедрой «Бизнес-технологии» по НИД и МС, доктор (PhD) Товма Н.А., старший преподаватель кафедры «Бизнес-технологии» Шуренов Н.Б) с рабочим визитом посетили Hanyang University, город Сеул (Южная Корея), занимающий в рейтинге QS 157 место.



Поездка оказалась очень плодотворной. В частности, проведена открытая лекция декана ВШЭБ КазНУ имени Аль-Фараби к.э.н., и.о. профессора Бимендиевой Л.А. со студентами Высшей школы международных исследований Университета Ханьянг на тему «Корейско-казахстанские отношения и планы на будущее сотрудничество». В свою очередь прослушана интересная лекция профессора Рю Джун Хана на актуальную тему «Korea's Smart City» на которой обсуждались особенности и перспективы развития крупных

городов Сеул и Пусан на основе смарт технологий.

В ходе визита обсуждены возможности сотрудничества между Республикой Казахстан и Южной Кореей в образовательной сфере, в частности была договоренность о внедрении дисциплины «Smart стратегии брендов южнокорейских компаний» в образовательную программу ВШЭБ КазНУ имени Аль-Фараби по специальности «Маркетинг» (бакалавриат) в рамках совместной образовательной программы между двумя вузами. Данный шаг позволит улучшить образовательную программу по

специальности «Маркетинг» и придать ей практическую направленность, подготовить маркетологов с креативным подходом и принимать решения, основанные на анализе данных. В ходе рабочего визита обсужден вопрос подготовки заявки в рамках международного совместного проекта в Korea Foundation по изучению смарт стратегии брендов южно-

корейских компаний, что позволит повысить показатели международного сотрудничества. А также обсужден вопрос о стажировке студентов и магистрантов в Hanyang University (Южная Корея), что позволит повысить показатели академической мобильности ВУЗов. В области научно-инновационной деятельности было знакомство с жур-

налом «The Journal of Eurasian Studies», входящим в базу данных Scopus. Также обсуждены направления развития журнала «The Journal of Eurasian Studies» с зам. редактором, профессором Хван Ки Ын, что позволит повысить публикационную активность ППС.

Ученые из Казахстана работали в библиотеке, изучали и систематизировали опыт функционирования южнокорейских промышленных малых городов, проведен сравнительный анализ развития моногородов в зарубежных странах, в том числе в Южной Корее. Большую благодарность выражаем Министерству науки и высшего образования РК за представленную возможность посетить Hanyang University, занимающий в рейтинге QS 157 место в рамках программы «Возрождение моногородов в условиях создания нового Казахстана на основе территориального маркетинга».

Лейла БИМЕНДИЕВА,
к.э.н., и.о. профессор, декан
ВШЭБ

Зауреш АХМЕТОВА,
к.э.н., ассоц. проф., зав.
кафедрой «Бизнес-технологии»

«Спорт менеджменті» жазғы мектебі басталды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да медицина және денсаулық сақтау факультетінің Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы мен Фридрих Шиллер атындағы Йен университеті (Германия) бірлесіп DAAD жобасы аясында ұйымдастырылған «Спорт менеджменті» жазғы мектебі басталды.



шаралар атқарылуда. Еліміздің жетекші университетінің көптеген ғылыми-білім беру жобалары ТДМ аясында жүзеге асырылып, білім беру сапасын жақсарту, бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар, тұрақты даму үшін серіктестік мәселелері жан-жақты қамтылуда. Осы мақсатта университетте Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты құрылған және табысты жұмыс істеуде.

«Спорт менеджменті» жазғы мектебі аясында 14-27 тамыз аралығында спорт экономикасы, спорттық менеджмент және спорттық маркетинг бойынша дәрістер мен шеберлік сыныптары өтеді. Неміс университеттерінің жетекші мамандары мен ғалымдары: Франк Дауманн

(Фридрих Шиллер атындағы Йен университеті), Норберт Шютте (Йоганн Гутенберг университеті, Майнц), Маркус Бройер (Гейдельберг қолданбалы ғылымдар университеті, SRH), Бенедикт Рёммельт (Гейдельберг университеті, SRH) барлық қатысушыларға дәріс береді.

Сонымен қатар шетелдік қатысушыларға неміс мәдениеті мен өмір салты, сондай-ақ Германия мен Қазақстандағы оқыту және зерттеу үрдісімен танысу мақсатындағы қызықты ілеспе мәдени бағдарлама ұсынылады. Жазғы мектепке қатысу тегін және барлық іс-шаралар мен дәрістер ағылшын тілінде өткізіледі.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Біз қызыға оқитын басылым

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің төл басылымы – «Qazaq universiteti» газетінің жарық көре бастауына биыл 75 жыл толып отыр.



ақ ұлттық университеттің терең тарихына үңіліп шығуға болады. Өйткені мұнда сан алуан тақырыпта мақала, сұхбат, түрлі ақпарат жарияланады. Соңғы кездері университет сарапшы-ұстаздарының мақалаларын оқи бастадық. «Үздік оқытушы», «Үздік ғалым», «Үздік жас ғалым» айдарларымен берілетін мақалаларды өзім үзбей оқып жүремін және ғалымдардың жеткен жетістігіне қызығамын. Осындай материалдар студенттерге жігер береді.

Алғашқы атауы «За отличную учебу» деп аталған газет кейіннен «Казахский университет» болып өзгереді. Уақыт өте келе, Сағымбай Қозыбаев редакторлық қызметке келгеннен соң, басылым атауы «Qazaq universiteti» болып өзгерді. Өзінің 75 жылдық тарихи жолында университеттік басылым дамыды, өрістеп құлашын кеңге жайды.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі». «Qazaq universiteti» газетінің қазіргі мазмұны өте бай. Сол себепті білім алушылар мен оқытушы-профессорлық құрамның көңілінен шығатынына сенімім мол. Бұл басылым енді республикалық мәртебе алып жатқанын естідік. «Qazaq universiteti»-нің оқырманы көп, даму жолы даңғыл болсын дегім келеді.

Дана САДЫРҚАН,
журналистика факультетінің
2-курс студенті



«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИ БАСЫЛЫМНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА
ОРАЙ, СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Байқауды ұйымдастырушы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің «Qazaq universiteti» газеті. Мекенжайы: Алматы қаласы, 050040, Әл-Фараби даңғылы, 71. Ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
- 1.2. Конкурсақа еліміздің барлық ЖОО студенттері қатыса алады.
- 1.3. Үміткерлердің материалдары конкурс жарияланған күннен бастап, 2023 жылдың 1 қазанына дейін қабылданады.
- 1.4. Конкурсақа келіп түскен материалдарды «Qazaq universiteti» газеті жанынан құрылған әділқазылар алқасы (конкурс комиссиясы) бағалайды.

2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ШАРТЫ

- 2.1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауында белгіленген бастамаларға сәйкес, үміткерлер өз мақалаларында патриотизм, Отанға сүйіспеншілік, білімге құштарлық, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, мемлекеттік тіл мәселесі тақырыбын қамтуы тиіс. Мұндағы мақсат – жастарды еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға тәрбиелеу, халқымыздың тарихы мен дәстүрін дәріптеуге бағыттау, еңбекқорлыққа баулу, студенттердің интеллектуалдық өлеуетін арттыру.
- 2.2. Конкурсақа арналған материалдар Times New Roman 14 шрифтпен 1 интервалында жазылып, көлемі 1,5 беттен аспауға тиіс. Сапалы суреттерін қоса жіберуге болады. Материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.
- 2.3. Конкурсақа арналған материалдар kaznugazeta@gmail.com электронды поштасына «Qazaq universiteti» газеті жүлдесі үшін конкурсақа» деген айдармен жіберілуі қажет.

3. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

- 3.1. Конкурс комиссиясының қорытындысы қазан айында шығарылып, жеңімпаздар «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналған салтанатты шарада марапатталады.
- 3.2. Конкурс комиссиясының шешіміне сәйкес, үздік деп танылған материалдардың авторларына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан арнайы диплом мен жүлделер тапсырылады.
- 3.3. Марапаттау рәсімі өтетін уақыт пен орын қосымша хабарланады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.